



Сейдинова Тұрсынкүл Андасбековна
№27 «Мәртөбе» жалпы орта білім беретін мектебі
Шымкент қаласы

Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді,
Керемет мұғалім көрсетеді.
Ұлы мұғалім шабыттандырады.

Уильям Уорд ағылшын ағартушысы

Бастауыш сыныптарда қазақ тілі пәнін оқытуда оқушылардың шығармашылық-зерттеушілік қабілеттерін дамытуға арналған авторлық бағдарлама

МАҚСАТЫ:

Қазақ тілі- тіл ғылымдарының логикалық негізі, демек, қазақ тілі- оқушының дұрыс шығармашылық-зерттеушілік ойлау қабілеті мен мәдениетін қалыптастыру.

Бастауыш сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптасруда:

- Оқушыларда ғылыми дүниетанымын қалыптастыру;
- шәкірттерде озық моралдық қасиеттерді қалыптастыру;
- Қазақ тілі сабағында – отансүйгіштік рухында тәрбиелеу.



Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты. Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын ;

Қазіргі мұғалім

Білімді, іскер, шебер болу керек

Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын

Оқушылар мен ортақ тіл табыса алатын ;

Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға - мұғалім. (Strong, Ward & Grant, 2011)

Сын тұрғысынан ойлау

«ABCD» әдісі,
«Өрмекші торы» әдісі

«Аялдама»,
«Мина»,
«Стоп кадр» әдістері

Сабақтағы модульдердің кіріктірілуі

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер

Оқу үшін және оқуды бағалау

«Екі жұлдыз, бір тілек»,
«Бас бармақ»,
«От шашу»,
«Бағдаршам» әдістерін

Педагогикалық білімдерге негізделетін тиімді оқыту мен оқудың тоғыз түйінді ұстанымын сабағымның өн бойынан көре алдым.
(МАН 73-бет)

«Диалог арқылы оқыту»,
«Қалай оқу керектігін
үйренуді»



а) оқушыларға өз бетінше орындай
алмайтын тапсырманы орындауға
мүмкіндік беру; ә) оқушыны
тапсырманы өз бетінше орындауға
мүмкіндік беретін құзыреттілікке
жеткізуді мақсат ету; (Wells, 1999)



Оқушылар оқуының
табыстылығының
дәлелдемелері



ЖАДА-ның тапсырманы орындау
жауапкершілігін білім алушыға
жүктеу қасиетін көпіршелердің
басты мақсаты деп қарайды.
Мерсер және Фишер (1993)



Топтық, жұптық, жеке жұмыстар
«Стикердегі диалог», «Еркін
жазу» стратегиясы, «Т» кестесі

Табысты оқыту мен құзырлы мұғалім (МАН)

«Маған «Өрмекші торы» әдісі қатты ұнады, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, сабақты қалай түсінгенімді анықтадым. А деңгейлі С.А.

«Жоспарыма не себепті өзгеріс енгіздім? оқу мақсатына жету мақсатында және оқушыларым тапсырманы жылдам орындауына байланысты «Стикердегі диалог» әдісін енгіздім.

Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты. Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Блэк пен Уильямның бастапқы зерттеулерінде сыныптың «қара жәшік» сияқты техникалық метафорасы қолданылған және сол арқылы оқу үшін бағалауды қолдану «қара жәшік ішіндегі жұмыс» ретінде белгілі болды. (МАН 54-бет)

Сұрақтың тиімді қойылуы

Оқушымен бірге критерийлерді талдау

«Қара жәшік»

Сыныптасын және өзін-өзі бағалауы

Кері байланысты қамтамасыз ету

Оқыту мен оқу тәжірибесінде өзгерістерді енгізуді басқаруының дәлелдемелері

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» Жүсіпбек Аймауытов

Мұғалімдер сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғылары келсе, өздерінің де сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашулары керек.
(МАН 5-бет)

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:
Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
Сабақты түрлендіріп өткізу;
Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану; Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушыларға қойылатын талап: Алдына мақсат қоя білу және жетуге ұмтылу;
Қорытынды жасап отыру. Қосымша материалдар табу, іздену. Өзін - өзі талдауды, өзін - өзі бағалай білуді меңгеру;

«Мұғалім. Білімдік бар биікке шығар саты. Ең алғаш басталады осы адамнан, Сүйеді сондықтан да жақын, жаты... Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімді, Сыйлайды мәңгі бақи беріп төрін», - деп Сәбит Мұқанов айтқандай, үнемі сыйлы, қадірлі, сүйікті болып, шәкірттерімізді білім нәрімен сусындатып, белестерге жете берейік. Сондықтан баланы жеке тұлға ретінде өздігінен дамуға итермелеуіміз керек. Себебі жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім алу арқылы өз бетінше дамуын қойып отыр. Бұл мақсатқа жетуде өз бетінше жұмыстардың алар орны ерекше.

